

**«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

**«Тәуелсіздік – тұғырым» атты жүргізілген іс – шаралар
анықтамасы**

Мақсаты: Жас жеткіншектерді Отанын, елін, халқын, жерін сүйуге, құрметтеуге баулу, оларға еліміздің ертеңі жастардың қолында екендігін ұғындыру, ана тілін құрметтеуге, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 2024 жылғы 9 – 13 желтоқсан күндері аралығында «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбымен іс-шара ұйымдастырылды.

Елдің бірлігі мен берекесін ұлықтап, мемлекеттің мерейін үстем еткен Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шара жоспарға сәйкес орындалды.

Туы тұғырлы, ертеңі жарқын, келешегі кемел, болашағы бақытты Тәуелсіз Республикамыздың Тәуелсіздік күнін атап өту мақсатында өткізілген іс-шарада ашық сынып сағаттары, челлендждер, сурет байқаулары өткізілді. Атап айтсақ, «Тұғыры биік – Тәуелсіздік» тақырыбында 1 – 11 сыныптар аралығында сынып сағаттары өткізілді. «Қазақстан-мәңгілік ел» тақырыбында 7 – 11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. «Біз- тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты 1 – 6 сынып оқушылары арасында сурет байқаулары ұйымдастырылып, жүргізілді. «Біз- тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты 8 – 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен челлендждер жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

ДТІЖО

Шайбаева М.Н